

№1 31.08, 2022
Педагогесте қаралды.

Бекітемін: [Signature] Л.И.Еспенбетов
Басқұдық (ЖОББМ/СММ)-нің директоры



Тақырыбы:

«Сиқырлы сандар»

(Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар)

Класы: 1 класс

Орындады: Абдешова Т.З. _____

Бастауыш класс мұғалімі

Ә/б отырысында қаралды: [Signature]

Ә/б жетекшісі: Тезекпаева Г.Б

№ 1 хаттама 26 күні Айы 20 ж.

Тексерілді: [Signature] Искакова С.А

Оқу ісінің орынбасары

Түсінік хат

Курстың өзектілігі:

«Математика» пәні бойынша оқушылардың міндеті минимум дайындық деңгейіне жетуін тексеру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп, оның қорытындысын есепке алып, сараптап, жеке оқушымен білім деңгейіне қарай жұмыс жүргізу арқылы білім сапасын жақсартуға әсері болары сөзсіз.

Оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларды дамыту көзделген.

Мақсаты: Оқушылардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін, қиял-елесін дамыту. Қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауда, пәнге деген қызығушылықты арттыру. Қиялын ұштау, шығармашылық дарындылығын дамыту. Оқушыны тапқырлыққа, іскерлікке жетелеу.

Міндеттері: Оқушылардың есептерді талдай біле іскерліктерін қалыптастыру, оқушылардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету. Заттың схемалық нұсқа бейнесін пайдалану арқылы оқушының ойлау әрекетін арттыру. Логикалық есептерді шығаруда қажетті білік дағдыны қалыптастыру. Оқушының математикалық тілде сөйлеу шеберлігін шыңдау.

Нені меңгеру керек:

Оқушының тақырыпты жетік меңгеріп, практикалық іс-дағдыларының қалыптасуына, ізденімпаздықпен жүйелі түрде есептер шығарып, жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже:

Теориялық, практикалық, ауызша, сұрақ-жауап, түсіндіру есептер шығару.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже:

- Есептеу дағдысын машықтандыру;
- Геометриялық фигураларды ажырата білу;
- Санды өрнек және оның мәнін табу туралы түсініктерін дамыта түсу;

Мазмұндық бөлім

Қызықты математика -20сағат.

Қызықты математика таңдау курсында әртүрлі бөлімдер қамтылған.Мысалы:натурал сандар,сандарды және заттарды салыстыру,қосу және азайту амалдары,сандар құрамы,математикалық сайыстар,өзіндік жұмыс,математикалық тест және т.б.

Логикалық есептер -15сағат.

Курстың мақсатына сай оқушылардың ақыл-ойын,математикалық стилін,интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларды дамыту,зейінін,ойлау,зерде үрдістерін,шығармашылық дарындылығын дамыту мақсатында әртүрлі тапсырмалар қамтылған.Бұл тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып,тапқырлыққа,іскерлікке жетелейді. Логикалық есептерді шығаруда қажетті дағдылар қалыптасып,оқушының математикалық тілде сөйлеу шеберлігі шындалды.

«Математика» пәні бойынша берілген тапсырмаларды жүйелі түрде,сараптап,оқушылардың білім деңгейіне қарай жүргізу,білім сапасын арттыруға әсер етері сөзсіз.

Нормативтік бөлім

р/с	Сабақтың тақырыбы	сағат	саны	мерзімі	Білім нәтижесі	Оқыту әдіс-тәсілдері
		Лекция	практика			
1	Сандар еліне саяхат	1		08.09	Танымын кеңейту	Ауызша түсіндіру
2	Нөл саны	1		15.09	Танымын кеңейту	Сұрақ-жауап
3	Сандар сыры	1		22.09	Қызығуш/н арттыру	Ауызша
4	Рим цифрлары	1		29.09	Біліктілігін арттыру	Түсіндіру, әңгімелеу
5	Ұзындық туралы ертегі	1		06.10	Қызығуш/н арттыру	Талдау, салыстыру
6	Ұзындық өлшеуіштері	1		13.10	Танымын кеңейту	Кубтар пайдалану
7	Халық өлшеуіштері	1		20.10	Танымын кеңейту	Сұрақ-жауап
8	Түзу қалай пайда болады?		1	27.10	Біліктілігін арттыру	Әңгімелеу
9	Кесінді туралы ертегі	1		10.11	Біліктілігін арттыру	Баяндау, талдау
10	Үшбұрыш елінде	1		17.11	Қызығуш/н арттыру	Суретпен жұмыс
11	Нүктенің қызықты оқиғасы	1		24.11	Танымын кеңейту	Түсіндіру
12	Тақырыптық есептер		1	01.12	Танымын кеңейту	Талдау, жинақтау
13	Жасырын санды тап! ойыны		1	08.12	Қызығушылығын арттыру	Матем. ойын
14	Математикалық жұмбақтар		1	15.12	Танымын кеңейту	Сұрақ-жауап
15	Қызықты есептер	1		22.12	Біліктілігін арттыру	Өз бетімен жұмыс
16	Жеміс жинау	1		29.12	Есептеп үйрену	Сұрақ-жауап
17	Кел,ойнайық		1	12.01.2023	Ойлау қаб/н дамыту	Сұрақ –жауап
18	Сан ретін тап		1	19.01	Танымын кеңейту	Көрнекілік пен жұмыс
19	Хан талапай		1	26.01	Қызығуш/н арттыру	Матем. ойын
20	Қаршақыз сыйлығы	1		02.02	Ойлау қабілетін арттыру	Сұрақ-жауап
21	Байқағыш бала		1	16.02	Қызығуш/н арттыру	Сұрақ-жауап

22	Сандарды салыстыру	1		23.02	Ойлау қабілетін дамыту	Салыстыру
23	Ойлан, тап! ойыны		1	02.03	Білімд. дамыту	Сайыс
24	Ертегі есептер	1		09.03	Танымын кеңейту	Талдау, салыстыру
25	Санды және әріпті өрнек		1	16.03	Танымын кеңейту	Қызығуш. арттыру
26	Математикалық тест		1	30.03	Қызығуш/н арттыру	Сұрақ –жауап
27	Математикалық ребус	1		06.04	Ойлау қабілетін дамыту	Оқу, салыс/у
28	Нүктенің басынан кешкендері		1	13.04	Қызығуш/нт арттыру	Баяндау
29	Математикалық диктант		1	20.04	Білімд. дамыту	Ойын
30	Кестелік қосу және азайту	1		27.04	Білім. білік, дағд а/н дамыту	Өз беті/н жұмыс
31	Санды ондыққа арттыру	1		04.05	Біліктілігін арттыру	Сұрақ-жауап
32	Геометрия әлеміне саяхат		1	11.05	Танымын кеңейту	Сұрақ-жауап
33	Геометриялық фигураларды кескіндеу		1	18.05	Біліктілігін арттыру	Сұрақ-жауап
34	Өзіндік жұмыс	1		25.05	Білімдерін пысықтау	Қызығу/ш арттыру
35	Математикалық тест		1	31.05	Білім. пысықтау	Өз бетімен жұмыс

Ақпараттық әдістемелік бөлім

Сабақты қызықты әрі тиімді өткізу мақсатында дамыта оқыту технологиясын қолданамын. Технологияларды қолдану арқылы

оқушылардың танымдық қабілеттерін, ұшқыр ойлауын, тез жауап беру, шапшаңдық, тапқырлықтарын дамытамын. Сабақта оқушыларды

топқа бөліп, топтық жұмыстарды қолданамын.

Оқушылардың бойында мектепке, жалпы білімге және соның ішінде математикаға деген қызығушылықты тудырудың маңызы өте зор. Математика сабағында математикалық ойындарды көбірек қолданамын. Есеюге ұмтылыс ешбір жағдайда бала өмірінен ойынды шығарып тастауға болмайды. Ойын балалардың ынтасын арттырып, жақсы көңіл-күй тудырады, ой-өрісін дамытуға себепші болады. Бала ойын арқылы ертегі кейіпкерлерімен саяхатқа аттанып, солардың көмегімен түрі жағынан ойынға жақын, ал шын мәнінде маңызды да жаңаша математикалық мазмұнмен толықтырылған тапсырмаларды орындайды.

Сабақ барысында өзін-өзі бағалау, топтық бағалау жүйесін қолданамын.

Не күтіледі?

- Оқушылардың математикалық білім қабілеттерін тексеру, алған білімдерін өмірде қолдану.

Нені білу керек?

- Оқушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Пайданылған әдебиеттер

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары.-Алматы,2003ж.
- 2.«Математика оқулығы»1,2,3,4кл.Атамұра,2011ж.
- 3.«Бастауыш мектеп» журналы. 4,5,6/2019ж.
- 4.«Бастауыш сыныпта оқыту» барлық пәндер бойынша 1,2/2020ж.
- 5.«Бастауыш сынып» әдістемесі журналы. 11/2018ж.
- 6.«Бастауыш білім» журналы. 7/2016-9/2019ж.
- 7.«Бастауыш сынып» журналы. 8/2016-10/2020ж.
- 8.Б.А.Тұрғанбаева.Дамыта оқыту технологиялары.-Алматы,2002ж.
- 9.Математикалық-дидактикалық материалдар.Алматы,2006ж.
- 10.Тесттік жұмыстар.Дарынды мектеп,2003ж., 2018ж
- 11.Мұғалімге арналған әдістемелік құрал.Алматы,2002ж.
- 12.Мұғалімге арналған бақылау жұмысының әдістемелік құралы.Алматы,2015-16ж

Оқушыларға арналған әдебиеттер:

- 1.«Бал жұмбақ» ойын-сауық,танымдық газеттері.4/2020ж. 6/2021ж.
- 2.Алақай журналы.Алматы,2/2019-4/2020ж
- 3.«Математика оқулығы»,.Атамұра,2003-2010ж, 2021ж
- 4.Айгөлек журналы.4,5/2022ж.
- 5.Балдырған журналы. 9,10,11/2020-21ж.
- 6.Бала би журналы. 2,3,4/2019ж.
- 7.Бастауыш кластарға арналған логикалық есептер кітапшасы. Алматы. 2019ж
- 8.Мөлдір бұлақ журналы. 7,8,9/2019-20ж.